

Еңбекшіқазақ аудан әкімиятының жанынан діни бірлестіктермен байланыс жөніндегі Кеңес құру туралы

Алматы облысы Еңбекшіқазақ ауданы әкімиятының 2004 жылғы 18 наурыздағы N 416 қаулысы. Алматы облысының Әділет департаментінде 2004 жылы 28 сәуірде N 1580 тіркелді

Р Қ А О е с к е р т п е с і .

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 ж. мамырдың 6-дағы "Діни бірлестіктермен байланыс жөніндегі Кеңес құру туралы" N 683 Қаулысына сәйкес, діни бірлестіктермен қарым-қатынасты және үйлестіру байланысын қалыптастыру мен қолдау мақсатында, жергілікті билік органдарына, сондай-ақ басқа мекемелерге әдістемелік және іс жүзінде көмек көрсету үшін аудандық әкімият **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Аудандық мәслихаттың кезекті сессиясында аудандық әкімияты жанындағы діни бірлестіктермен байланыс жөніндегі кеңесінің жаңа құрамы бекітілсін /1 қосымша/.
2. Діни бірлестіктермен байланыс жөніндегі Кеңес ережесі бекітілсін /2 қосымша/.
3. Осы аудан әкімиятының қаулысы әділет органдарында міндетті түрде тіркелуден ө т у і қ а ж е т .

4. Алматы облыстық әділет басқармасында 2003 ж. 10-шілдедегі N 1250 мемлекеттік тіркелінген аудан әкімиятының 2003 ж. 30-маусымдағы N 17 қаулысы жойылсын.

5. Осы қаулының орындалуы аудан әкімінің орынбасары Бөлтірік Аусадықұлы Жақыповқа жүктелсін.

Аудан әкімі

**"Еңбекшіқазақ аудандық әкімиятының жанынан құрылған діни бірлестіктермен байланыс жөніндегі Кеңес құру туралы" әкімият қаулысына
КЕЛІСІМ**

2004 ж. 18 наурыздағы N 416

Аудан әкімінің орынбасары - Бөлтірік Аусадықұлы Жақыпов;
Аппарат басшысы - Еркетай Өсербайұлы Жомартов;
Заңгер Айдын Серікұлы Байкенов;

Әлеуметтік мәдени - сала, білім және денсаулық сақтау бөлімінің бастығы -
Зульфия Исламовна Раджабова;

Аудандық Ішкі Істер Басқармасының бастығының орынбасары - Сәкен Құнанбайұлы Байпатша;

Аудан білім бөлімінің бастығы - Қасымалы Мұқанұлы Темірғалиев;

"Еңбекшіқазақ" газетінің редакторы - Хайролла Қасымұлы Ахметжанов;

Аудан орталығы Есік қаласындағы Бас мешіттің имамы /келісім бойынша/ - Ратбек Қажы Нысанбайұлы;

Есік қаласының орыс Православиелік шіркеу, Свято-Покровский приходының Алматы - Семей Епархияның жетекшісі /келісім бойынша/ - Егор Саввович Дунай.

Жалпы бөлімінің

бастығы

Гүлнар Дүйсебекқызы Дүйсебекова

N 1 қосымшасы
Аудан әкімиятының
2004 ж. 18 наурыздағы
N 416 қаулысы

Еңбекшіқазақ аудандық әкімиятының жанынан құрылған діни бірлестіктермен байланыс жөніндегі Кеңестің ТІЗІМІ

1. Бөлтірік Аусадықұлы Жақыпов - аудан әкімінің орынбасары, Кеңесінің төрағасы;
2. Зульфия Исламовна Раджабова - әлеуметтік-мәдени сала, білім және денсаулық сақтау бөлімінің бастығы, Кеңес төрағасының орынбасары;
3. Гүлмира Сәкенқызы Әлімжанова - әлеуметтік-мәдени сала, білім және денсаулық сақтау бас маманы, Кеңес хатшысы (дауыс құқығы жоқ).

Кеңес мүшелері:

4. Айдын Серікұлы Байкенов - Аудан әкімі аппаратының заңгері;
5. Майра Нұрдәулетқызы Нұрдәулетова - мәдениет бөлімінің бас маманы;
6. Байпатша Сәкен Құнанбайұлы - аудандық ішкі істер басқармасының бастығының орынбасары;
7. Қасымали Мұқанұлы Темірғалиев - аудан білім бөлімінің бастығы;
8. Хайролла Қасымұлы Ахметжанов - "Еңбекшіқазақ" газетінің редакторы;
9. Ратбек қажы Нысанбайұлы - аудан орталығы Бас мешіттің имамы (келісім бойынша) ;
10. Дунай Егор Саввович Есік қаласының орыс - Православиелік шіркеу, Свято-Покровский приходының Алматы - Семей Епархияның жетекшісі (келісім бойынша)

Аппарат басшысы

Еңбекшіқазақ ауданы әкімиятының жанынан діни бірлестіктермен байланыс жөніндегі Кеңестің ЕРЕЖЕСІ

1. Жалпы жағдайы

Діни бірлестіктермен байланыс жөніндегі Кеңес (әрі қарай Кеңес) аудан әкімиятының жанындағы консультативті - кеңесші орган болып табылады.

Аудандық Кеңес өз қызметінде Қазақстан Республикасы Конституциясымен, Қазақстан Республикасы Заңдарымен, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерімен, облыстық және аудандық әкімиятының өкімдерімен шешімдер, басқа да нормативтік құқықтық актілерін және о с ы е р е ж е с і н б а с ш ы л ы қ қ а а л а д ы .

Кеңес өз қызметін мемлекеттік, діни Еңбекшіқазақ ауданындағы басқа да қоғамдық бірлестіктермен, сонымен қатар халықаралық ұйымдармен тікелей қатынаста жүзеге а с ы р а д ы .

Кеңестің шешімі ұсынымдық сипат ұстайды.

2. Кеңестің мақсаты, міндеттері және функциялары

5. Кеңестің негізгі міндеттері:

1) Аудандағы діни жағдайды және оның дамуын зерттеу, жинақтап қорыту, жан-жақты және объективті зерделеу

2) Ауданда саяси мемлекеттік басымдық бағыттың құрастыру бойынша ұсыныстар жасау, азаматтардың діни сенімдерінің құқық еркіндігін қамтамасыз ету.

3) Аудандағы діни жағдай және діни сенім еркіндігінің сақталуы туралы мемлекеттік органдар мен аудан әкімін хабардар етіп отыру.

4) Жергілікті мемлекеттік билік органдарының діни бірлестіктермен жұмысын ү й л е с т і р у .

5) Ауданда тіркелген діни бірлестіктердің банк мәліметтерін құрастыру.

6) Діни бірлестіктер арасындағы өз ара түсіністік және шыдамдық және оларға Қазақстан Республикасы заңдылығына сәйкес консультативтік көмек көрсету.

6. Кеңес заңдылықтар мен бекітілген тәртібіне сәйкес өзіне жүктелген міндеттерге

сәйкес келесі функцияларды іске асырады:

1) Аудандағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын құрастыруға қатынасады азаматтардың діни сенімдерінің еркіндік құқығын және діни бірлестіктермен қарым - қатынасын қамтамасыз етеді.

2) Аудан аумағында құрылған діни бірлестіктердің және шетелдік миссионерлердің қызметін зерделеуді қамтамасыз етеді, олар туралы банк мәліметтер жинақтайды.

3) Ақпараттық насихат шараларын іске асырады.

4) Азаматтардың діни сенім еркіндігін реттейтін заңдылықтарын жандандыру жөнінде ұсыныстар жасайды.

5) Жергілікті атқару органдардан және ұйымдардан азаматтардың діни сенім еркіндігі мәселелері бойынша және қызметтері туралы мәліметтер.

6) Діни ұйымдарымен ақпарат және деректемелерді жинау.

7) Діни ұйымдарға сұраныс бойынша көмек көрсету.

3. Кеңестің жұмыс тәртібін және қызметін ұйымдастыру

7. Әлеуметтік саланы басқаратын аудан әкімінің орынбасары кеңестің төрағасы болып табылады.

8. Тоқсан сайын бір рет кеңестің отырысы өткізіледі.

9. Кеңес отырысының хаттамасын дауыс құқығы жоқ хатшы жүргізеді.

10. Кеңестің жұмысында Кеңес құрамының үштен бірі қатынасса, кеңес отырысы құқылы болып есептеледі.

11. Кеңестің ұйымдастыру талдау жұмысын қамтамасыз ету, әлеуметтік мәдени сала, білім және денсаулық сақтау бөлімі арқылы атқарылады.

Аппарат басшысы